

ӘОЖ 821.512.122

ГТАХР 821.512.122.0.09

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.041>

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «АВТОРЛЫҚ КОЛЛИЗИЯ» ҰҒЫМЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*Умирбаев А.С.¹, Кушкимбаева А.С.², Абдрахманова Ж.М.³

*^{1,2} Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе, Қазақстан

³Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада «авторлық коллизия» ұғымының қазақ және шетел әдебиеттануындағы теориялық негіздері мен көркем шығармалардағы көрініс формалары жан-жақты талданады. Автор көркем әдебиеттегі коллизияның тарихи-саяси контекстпен байланысын, кейіпкер табиғатындағы ішкі және сыртқы қақтығыстардың типтерін, сондай-ақ авторлық сана мен көркем мәтін арасындағы поэтикалық қатынастар жүйесін саралайды. Мақалада Гегельдің диалектикалық эстетикасынан бастап, Бахтиннің диалогтық теориясы мен Харольд Блумның «эсер ету» концепциясына дейінгі шетел әдебиеттануындағы тұжырымдар қазақ ғалымдарының (А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Р. Бердібаев, Б. Құралқанова) еңбектерімен салыстырыла қарастырылады. Зерттеуде Ю.А. Озеров ұсынған көркемдік коллизияның типологиясы, К.Г. Шаззоның жанрлық жіктеуі, В.Е. Хализевтің поэтикалық құрылымға қатысты көзқарастары негізінде әдеби шығармадағы коллизияның композициялық және идеялық-мазмұндық қызметі айқындалады. Авторлық коллизия көркемдік бейне мен сюжет түзілімінде шешуші рөл атқара отырып, әдеби туындының көркемдік тұтастығын қамтамасыз ететін эстетикалық механизм ретінде қарастырылады. Мақаланың ғылыми маңыздылығы – авторлық коллизия ұғымының әдеби теориядағы орны мен табиғатын жүйелі түрде ашып, отандық әдебиеттануға жаңа көзқарас ұсынуында. Бұл зерттеу автор–мәтін–кейіпкер арасындағы күрделі қатынасты поэтикалық деңгейде пайымдауға мүмкіндік береді. Зерттеу әдіснамасы – салыстырмалы-типологиялық, мазмұндық-семантикалық, интерпретациялық және классификаторлық әдістерге сүйене отырып, қазақ және шетел әдебиетіндегі көркемдік қақтығыстардың типтері сарапқа алынды. Зерттеу қорытындысы – авторлық коллизия көркем мәтін құрылымында орталық тұғырда тұратыны дәлелденді. Оның көркемдік, идеялық және психологиялық мазмұнды өзара байланыстыра отырып, әдеби шығарманың эстетикалық тұтастығын қамтамасыз ететіні анықталды. Мақаланың негізгі мақсаты – ұғымдық-теориялық аппаратты нақтылап, отандық әдебиетке тән авторлық сана

Қазақ және шетел әдебиетіндегі «авторлық коллизия» ұғымының зерттелуі

мен қақтығыс табиғатының терең сипаттамасын ұсыну, сонымен қатар әдебиеттану тұрғысынан «авторлық коллизия», «қақтығыс» терминдеріне түсінік бере отырып, басты негізгі ерекшеліктерін айқындау, сол арқылы қазақ әдебиеттану тұрғысынан бағамдау. Осы ретте жанрлық, құрылымдық астарларын қарастыруды басты міндет ретінде ала отырып, зерттеу сұрақтарын практикалық негізде ұштастырдық. Зерттеу қорытындысының практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелері әдебиет теориясы, поэтика, салыстырмалы әдебиеттану салаларында, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы көркем мәтін талдау курстарында пайдалануға жарамды. Сонымен қатар, көркем шығарма құрылымын когнитивтік және эстетикалық тұрғыдан талдауға бағытталған әдістемелік құрал ретінде де тиімді қолдануға болады.

Тірек сөздер: авторлық коллизия, көркем қақтығыс, драмалық тартыс, кейіпкер, прозалық құрылым, эстетикалық категория, нарративтік стратегия, әдеби салыстырмалы талдау, әдеби ағымдар

Кіріспе

Қақтығыс, тартыс, коллизия – көркем шығарманың идеялық және композициялық негізін құрайтын ұғымдар. Әдебиетте бұл ұғымдар кейіпкер болмысын ашудың, сюжет динамикасын қалыптастырудың және авторлық ұстанымды білдірудің басты құралдарының бірі болып табылады. Мақалада осы ұғымдардың ара-жігі мен өзара байланысы, олардың тарихи, философиялық және эстетикалық тұрғыдан қарастырылуы, сонымен қатар қазақ және шетел әдебиеттануында қалай зерттеліп келгендігі талданады. Коллизия – бұл көркем мәтіндегі кейіпкерлер арасындағы немесе кейіпкердің ішкі әлеміндегі қарама-қайшылықтардың көрінісі. Ю.А.Озеров коллизияны он түрлі типке жіктейді: әлеуметтік, моральдық, психологиялық, философиялық, тарихи, этикалық, ішкі, ситуациялық, мінездік және айқындаушты қақтығыстар [1]. М.Әуезов коллизияны тек драмалық шығармалармен шектемей, прозада да көркемдік заңдылық деп таниды [2]. Р.Бердібаев, З.Қабдолов, Б.Құралқанова секілді зерттеушілер шығарманың идеялық тереңдігі мен тартыс табиғаты арасындағы тығыз байланысты баса көрсетеді. Повестік жанрда әсіресе ішкі психологиялық конфликт, кейіпкердің мінездік эволюциясы басымдыққа ие.

Қазіргі әдебиеттануда «авторлық коллизия» ұғымы көркем шығарманың басты теориялық категорияларының бірі болып саналады. Ол тартыс, конфликт, кейіпкердің ішкі жан дүниесі мен әлеуметтік орта арасындағы қайшылықтар арқылы айқындалады [3], [4] Бұл ұғым тек дәстүрлі әдебиет теориясында ғана емес, қазіргі нарратология мен когнитивтік әдебиеттануда да кеңінен қарастырылуда [5].

«Авторлық коллизия» терминін әдебиеттану, лингвистика, әлеуметтану, құқықтану сынды салалардағы қазақ және шетел ғалымдары,

зерттеушілері, сыншылары әртүрлі контекстегі мағынасын зерттегені жайында айтылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Автор мен мәтін арасындағы диалогтық қарым-қатынас мәселелерін М.М. Бахтин жан-жақты талдаған [3, с. 56]. Оның пікірінше, кез келген көркем туындының негізінде көпдауыстылық пен ішкі қақтығыс жатыр.

Әдеби коллизияның категория ретіндегі мәнін Хализев [4, с. 63] нақтылай отырып, оны көркем шығарманың құрылымдық өзегіне айналдырады. Ал Eagleton [6] әдеби теорияда тартыс ұғымын мәдениет пен идеология арасындағы байланысты түсіндіру үшін қолданады. Руан [7] болса, нарратологиялық тұрғыдан коллизияны оқиғаның құрылымдық өзегін құрайтын басты элемент деп бағалайды.

Қазақ әдебиетінде бұл ұғымның ұлттық сипатын айқындауда М. Мырзахметұлы [8] еңбектері құнды. Ол Әуезов шығармашылығы арқылы авторлық ұстаным мен ұлттық дүниетаным арасындағы байланысты көрсеткен. Қазақ прозасында тартыстың табиғатын зерттеген Б. Әбдіғазиев [9, 456.] коллизияның кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашудағы рөлін ерекше атап өтеді.

Заманауи зерттеулерде коллизия ұғымы кеңейтілген сипатта қарастырылады. Мысалы, Гаврилова [10] көркем мәтіндегі қақтығысты әлеуметтік-психологиялық контекстімен байланыстырады. Ал Weninger [5, р.89] конфликтіні көпқырлы дискурстық категория ретінде талдайды.

Зерттеудің теориялық негізін әдебиеттану ғылымындағы қақтығыс пен коллизия ұғымына арналған шетелдік және отандық зерттеулер құрайды. Негізгі теориялық-методологиялық тірек ретінде Г.В. Гегельдің эстетикалық тұжырымдары, М.М. Бахтиннің диалогтық концепциясы, Ю.А. Озеровтің көркем коллизия типологиясы, К.Г. Шаззо мен В.Е. Хализевтің көркем қақтығысқа байланысты поэтикалық пайымдары алынды. Сонымен қатар қазақ әдебиеттануындағы А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Р. Бердібаев, Б. Құралқанова сынды ғалымдардың шығармашылық мұралары зерттеу нысаны ретінде қарастырылды.

Материал ретінде XIX–XX ғасырлардағы орыс, батыс және қазақ әдебиетіндегі прозалық және драмалық туындыларда орын алатын қақтығыс типтері мен көркем коллизия мысалдары пайдаланылды. Мысалы, Шыңғыс Айтматовтың «Плаха» романы, Н.Г. Чернышевскийдің «Не істеу керек?» шығармасы, В.Г. Распутин, А.П. Чехов, Гоголь, сондай-ақ М. Әуезовтің драмалық және прозалық шығармалары.

Зерттеу барысында қолданылған әдістер: *Салыстырмалы-типологиялық әдіс* – шетел және қазақ әдебиетіндегі авторлық коллизияны салыстыра зерделеу үшін; *Мазмұндық-семантикалық талдау* – көркем мәтін ішіндегі ішкі және сыртқы тартыс элементтерін ашу үшін;

Интерпретациялық талдау – кейіпкер болмысындағы психологиялық және моральдық қайшылықтарды саралау үшін; *Классификаторлық әдіс* – Ю.А. Озеров пен Б.Құралқанова ұсынған типологиялар негізінде коллизия түрлерін жүйелеу үшін; *Контекстуалды талдау* – әдеби туындыны тарихи-әлеуметтік, мәдени-эстетикалық кеңістікте түсіндіру үшін қолданылды.

Осы әдістерді кешенді қолдану зерттеудің теориялық мазмұнын негіздеп, көркем шығармадағы авторлық коллизияның көпқырлы табиғатын жан-жақты ашуға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Қақтығысты әдебиетте зерттеудің маңызды аспектілерінің бірі – оның тарихи контексті және уақыт өте келе дамып, жаға сипатқа ие болуы. Әртүрлі дәуірлер мен мәдениеттердің шығармаларын талдай отырып, біз қайшылықтардың әр түрлі кезеңдерде өзекті болғанын және олардың өз заманының әлеуметтік және саяси шындықтарын қалай бейнелегенін көре аламыз. Оған мысал ретінде XIX ғасырдың әдебиетінде бейнеленген ақсүйектер мен буржуазия арасындағы қақтығыстар, отаршылдық кезеңіндегі нәсілдік қайшылықтар немесе қырғи қабақ соғыс дәуіріндегі идеологиялық қақтығыстарды алып қарастыруға болады.

Аталған терминнің әдеби контекстегі мағынасын зерттеген ғалымдардың алғашқылары ретінде Рене Гигард, Гегель, Лессинг, Фридрих Шлегельді және т.б. айтуға болады. Рене Гигард әдебиеттегі қақтығыс пен коллизияның рөліне талдау жасай отырып, мимезис теориясын ойлап тапты. Ал неміс романтигі Фридрих Шлегель өнерді «коллизиялық сана-сезім» ұғымымен аастастыра зерттеген.

Жалпы шетел әдебиеттану ғылымында коллизия теориясын зерттеу нысанына алған көптеген ғалымдар бар. Олардың қатарына Виноградов В. В., Лотман Ю. М., Тимофеев Л. М., Поспелов Г. Н., Лихачев Д. С., Бахтин М. М., Максимов Д. Е. және т.б. зерттеушілерді жатқызамыз. Олардың көркем қақтығыстың эстетикаын түсінуіне, біз жоғарыда айтып өткен философ Гегельдің қақтығыс туралы ілімі және оның марксистік теориямен диалектикоматериалистік негіздемесі үлкен әсер етті. Гегельдің ілімі бойынша, қақтығыс – бұл коллизия. Ол қақтығыс үйлесімділіктің бұзылуынан туындайды, ал оның салдары қарама-қарсы екі жақтың күресімен ұласып, нәтижесі екі қарама-қайшылықтың біреуінің екіншісін жеңуімен шешілу керек деп санайды. Ал бұның ең ақырғы нәтижесі бастапқы үйлесімділікті қалпына келтірумен аяқталу қажет. Себебі коллизияның өзегі – болмауы тиіс және ұзақ өмір сүрмейтін бұзушылық. Сондай-ақ, Гегель коллизияны әрекет емес, керісінше жасалатын әрекеттің алғышарты ретінде қарастырады. Демек қақтығыс – өткір жанжалды жағдай. Ал жалпы өнердің міндеті сол қарама-қайшылықты, қақтығысты жою,

үйлесімділікті қалпыну келтіру болмақ. Лессингтің драмалық теориясында да коллизия мен қақтығыс бір ұғым ретінде қарастырылған.

Авторлық коллизия – бұл шешуді қажет ететін антагонизм, қарама-қайшылық, күрес [11, 126 б.].

Жалпы айтқанда Гегель өзінің ілімінде «қақтығыс» және «коллизия» ұғымдарын бір мағынаға ие, синонимдер деген тұжырым жасайды. Қазіргі орыс ғылымындағы анықтамалық сөздіктерде әдебиеттану теориясында коллизияны қақтығыстың көрінуінің сюжеттік түрі немесе оның ең жаһандық, тарихи масштабты әртүрлілігі деп санайтындығы жөнінде жазылады.

Ал кейбір ғалымдардың пікірінше «қақтығыс» ұғымы жеткілікті түрде нақтылыққа ие емес. Осындай пікірді білдірушілердің бірі орыс зерттеушісі А.Г.Коваленко. Ол өзінің пікірін былай білдіреді: «...само понятие несет в себе неполноту, методологическую «грубоватость», «ущербность», смысловую недостаточность. Термину необходим более тонкий терминологический «инструмент», с помощью которого можно было бы охватить взаимоотношений, борьбы все многообразие конкретных противоречий, столкновение противоположностей (героев, слов, смыслов, значений), антагонизмов, полярностей, контрастов» [12, с. 7]. Зерттеушінің айтуынша, қарама-қарсы екі жақтың күресінен бөлек, нәзік қатынастардың бар екенін ұмытылып кеткен, және «қақтығыс» ұғымы ол қатынастарды толық аша алмайды.

Сондай-ақ А.Г.Коваленко И.Кант енгізген «антиномия» ұғымын қолдануды дұрыс деп көрсетеді. Зерттеушінің бұл ұғымды қолайлы деп санауының бір себебі, оның қолайлы, әрі кең мағынаға ие деп санауында. Осыған қатысты А.Г.Коваленко келесі ойын алға тартады: «... автора, позволяет увидеть направление «вектора» конфликта, учитывает широкий диапазон многообразных связей и отношений в художественном тексте... Позволяет увидеть явление в полном объёме» [12, 7 б.]. Кейбір ғалымдардың тарапынан бұл пікірге қолдау көрсетілгені де жасырын емес. Олардың айтуынша, қақтығыс көркемдік-эстетикалық категория ретінде және шын өмірдегі қақтығыс әрқашан бірдей бола бермейді, өйткені көркем шығармадағы қақтығыс шығарманың ішіндегі әртүрлі элементтер арасындағы қатынастардың барлық алуан түрлілігін және автор мен оның көркем мәтінінің қарым-қатынасын ашуы керек.

Шетел әдебиеттану ғылымындағы пікірлерді сараласақ, «қақтығыс» және «коллизия» терминдерін бір ұғым деп қарастыруға болмайды. Ал біздің ойымызша, Гегельдің іліміндегі «коллизия» - бұл қақтығыс» тұжырымы берілген терминнің мағынасын ұтымды ашқан.

Қақтығыс – шығармадағы кейіпкерлер, не адамдар тобы мен оқиғалар арасындағы, сондай-ақ кейіпкерлердің идеялары мен мақсат-мүдделерінің, сезімдерінің, мінез мен көңіл-күйлерінің қарама-қайшылығы. Қақтығыстар

Қазақ және шетел әдебиетіндегі «авторлық коллизия» ұғымының зерттелуі

белгілі бір әлеуметтік-саяси, тарихи, тұрмыстық жағдайлар, шығармадағы кейіпкерлердің мінездері мен мақсат-мүдделерінің, өмірлік ұстанымдарының, көзқарастарының әртүрлілігінен туындайды. Өзінің зерттеу еңбегінде орыс ғалымы Ю.А.Озеров коллизияның 10 түрін ажыратып көрсетеді:

1. Әлеуметтік;
2. Моральдық;
3. Психологиялық;
4. Философиялық;
5. Әлеуметтік-тарихи;
6. Жақсылық пен жамандықтың қақтығысы;
7. Жеке ішкі қақтығыс;
8. Мінез мен жағдай арасындағы қақтығыс;
9. Кейіпкерлер арасындағы мінез коллизиясы;
10. Бірдей мінезге қарама-қарсы тараптардың қақтығысы [1,

71 б.].

Зерттеушінің классификациясы бойынша әр қақтығысқа тоқталып, талдап өтейік.

1. Әлеуметтік коллизия – белгілі бір қоғамдық топтардың мүдделерінің қақтығысы. Мысалы, Н.Г.Чернышевскийдің «Не істеу керек?» романындағы «ескі» мен «жаңаның» қақтығысы, ескі дәуір мен көзқарастардың адамдары (Розальская, Сторешников, Жюли және т.б.) және жаңа дәуір мен жаңа көзқарастардың адамдары (Лопухов, Рахметов, Кирсанов және т.б.) арасындағы қарама-қайшылық.

2. Моральдық коллизия. В.Астафьевтің «Қайғылы детектив» романындағы басты кейіпкер мейірімді, ар-ұяты бар жедел қызмет Леонид Сошниннің моральдық нормалар өзгерген, этикалық ережелер ұмытылған әлеммен қақтығысы «моральдық коллизияға» жатады.

3. Психологиялық коллизия – кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі сезімдер мен ойлардың арпалысы, қайшылығы. Оған В.Г. Распутиннің «Живи и помни» прозалық шығармасындағы басты кейіпкер Гуськовтың үнемі ұсталып қалу, өлімнен қорқу сияқты ішкі ойлардың арпалысымен өмір сүруі мысал бола алады.

4. Философиялық коллизия. Коллизияның бұл түрі қырғыз жазушысы Шыңғыс Айматовтың «Плаха» романындағы Иисус Христос пен Понтий Пилаттың арасындағы дауда көрінеді.

5. Әлеуметтік-тарихи коллизия – тарихта қарама-қайшы келетін негізгі тенденциялар мен күштердің қақтығысы.

6. Жақсылық пен жамандықтың қақтығысы – ағартушылық пен надандықтың, дұрыс пен бұрыстың арасындағы қақтығыс. Мысалы, классицизм шығармалары, соның ішінде Д.И. Фонвизиннің «Недоросль» прозалық туындысында аталған коллизияның түрі анық кездеседі.

7. Жеке ішкі қақтығыс. Мысалы, Н.В.Гогольдің «Тарас Бульба»

повесіндегі Андрийдің Отанға деген сүйіспеншілігі мен әйелге деген сүйіспеншілігінің арасындағы ішкі сезімдерінің қақтығысы.

8. Мінез бен жағдай арасындағы қақтығыс. А.П.Чехов пьесасындағы кейіпкерлердің шиіе бағынының тағдырына қатынасы мысал бола алады.

9. Кейіпкерлер арасындағы мінез коллизиясы – бір әлеуметтік ортаға тиесілі мінезі әртүрлі кейіпкерлер арасындағы қақтығыс.

10. Бірдей мінезге ие қарама-қарсы тараптардың қақтығысы. Мысалы, Катеринаның жан дүниесіндегі жекпе-жек жеке бостандық пен бақытқа деген құштарлық пен «қараңғы патшалықтың» әсерінен қалыптасқан адамгершілік туралы өзіндік идеялар, атап айтқанда, неке міндетінің діни саналы заңы арасындағы күрес.

Жоғарыда көрсетілген классификациядан бөлек коллизия өндірістік, отбасылық, тұрмыстық, этникалық, діни және т.б. сипатта болуы мүмкін. Қақтығыстың өткір және анық көрінісі көбінесе драмалық шығармаларда беріледі. Қақтығыстың болуы – драмалық шығарманың ең басты шарттарының бірі. Өйткені ол өмірдегі қарама-қайшы жағдайларды шиеленіскен түрде ашады. Сондай-ақ коллизия сюжет пен композицияда тікелей дамиды. Дәлірек айтатын болсақ, қақтығыстың дамуы әдеби шығармадағы сюжеттің негізін құрай отырып, оның композициялық құрылымын анықтайды.

Әдебиеттанушы В.Е.Хализев шығарманың сюжеті мен ондағы қақтығысты байланыстыра зерттеп, көркем шығармадағы коллизияның 2 түрін ажыратып көрсетеді:

1. түп негізінде локальді(жергілікті) және өтпелі қайшылықтар жататын дәстүрлі, архетиптік коллизия;

2. тұрақты қақтығысты күйді білдіретін субстанционалды коллизия [4, 217 б.].

В.Е.Хализевтің зерттеу жұмысындағы пікірі бойынша, әдебиетте бірінші типтегі шығармалардың сюжеттік динамикасында қақтығыс өзінің жоғарғы шегіне жетіп, соңында шешімін табады.

Көркем қақтығыс теориясының дамуына үлес қосқан ғалымдардың бірі ретінде М.Б.Храпченконы айтып өтпеске болмас. Ол көркемдік қақтығысты әдеби шығарманың құрылымдық негізі ретінде санайды. Бір жағынан, көркем шығармадағы қақтығыс – кейіпкерлердің көркемдік характері мен олардың өзара әрекетін анықтайтын шындыққа жанасатын қарама-қайшылық ретінде қарастыруға болады. Ал екінші жағынан, ол байланыстырушы қызметті атқарушы элемент.

Әдебиеттегі коллизияны зерттеген ғалымдардың бірі Н.Г.Чернышевский өзінің зерттеуінде әлеуметтік қақтығыстарды суреттеудің маңыздылығы туралы жазады.

Ал әдеби шығармалар мен жазушылардың мәдениет пен әдеби мұраға әсерін зерттеген ғалымдардың бірі американдық әдебиеттанушы және теоретик Харольд Блум әдебиеттанудағы коллизияны зерттеуге ден қойған.

Қазақ және шетел әдебиетіндегі «авторлық коллизия» ұғымының зерттелуі

Харольд Блумның әдебиеттану ғылымында ұсынған негізгі концепцияларының бірі – «тану үшін күрес» («борьба за признание») идеясы. Ол әдебиеттегі даралық пен өзіндік ерекшеліктің маңыздылығын көрсетеді. Зерттеуші әдеби кейіпкерлерді өзге кейіпкерлермен, әлеуметтік нормамен немесе өз-өзімен қақтығысуы арқылы осы күрестің белсенді қатысушылары ретінде қарастырады.

Сонымен қатар зерттеушінің баса назар аударған тұжырымдамасының біріне «әсер ету» («влияние») концепциясын жатқызамыз. Бұл жерде Блум әдебиетте қазіргі буын мен алдыңғы буыннан диалогының маңыздылығын атап өтеді. Оның пікірінше, әрбір жаңа заман жазушысы бәсекелестікке ұмтылу немесе тіпті алдыңғы шеберлерді жеңу үшін канонмен диалогқа түседі. Және мұндай диалогтарда әдеби мұраны байытатын және дамытатын коллизия орын алады.

Шетел әдебиетіндегі коллизияның зерттелуі жағдайы мен деңгейіне егжей-тегжей тоқталып өттік, ендігі кезекте қазақ әдебиетіндегі орны мен зерттелу деңгейін қарастырайық.

Қазақ әдебиеттану ғылымында коллизия көркем-эстетикалық категория ретінде өзіндік орны бар, әрі біраз зерттеушілер мен ғалымдардың зерттеу нысаны болған ұғымдардың бірі. Оған бұл ұғымның құлашы кең, өрісі үлкен мәселелерді қамтуы себеп. Жоғарыда келтіріп өткеніміздей, шетел әдебиетінде коллизия ежелгі дәуір шығармаларында орын ала бастаған. Дәл сол сияқты қазақ әдебиетін тарихында да ол ежелгі дәуір әдебиетіне тән шығармаларда көрініс тапқан. Коллизияның нақты өзі аталмаса да, сюжетті дамытуға үлесін қосқан қақтығыс элементтері кеңінен орын алды.

Жалпы әр дәуір мен кезеңде орын алатын сол уақыттағы тарихи жағдайлар мен өзгерістер әдебиетімізді жаңа сатыға көтеретін тың міндеттер жүктейтіні анық. Осыған сәйкес зерттеуімізге негіз болып отырған коллизия ұғымы әр кезеңде әртүрлі зерттеулер мен пікірлердің арасына түсіп, түрлі ғылыми жүйеге негізделгені жасырын емес. Төл әдебиеттану ғылымында тартыс, қақтығыс, коллизия ұғымдарына қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тың, келелі әрі құнды пікір қалдырған зерттеушілердің қатарына М.Әуезов, Н.Ғабдуллин, Р.Бердібаев, А.Нағыметов, Ш.Елеукенов, Б.Майтанов, Т.Есембеков, Е.Адаева т.б. сияқты ғалымдарды жатқызамыз.

Соның ішінде қақтығыс, тартыс, коллизия ұғымдарын зерттеп, анықтама берген А.Байтұрсынұлы болды. Ол өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде мынандай анықтама береді: «Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Ержеткен сайын дүниенің ісіне өзінше сүйсініп, өзінше күйініп, өзінше жол белгілеп, жақсылық, жамандыққа өз көзімен қарап, өзінше сынап, өзінше бағалап, өзінше пікірлейтін болады. Өз алдына мұңы, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-масатына жету талабына кіріскен

тысқы ғаламға тиісті жердің шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғаламның шарттары тура келмей екеуі ілінісіп, ұстаса кетеді» [13, 294 б.].

Ал Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1930 жылдардан бастап аталған мәселеге ден қойып, өзінің зерттеу мақалалары мен еңбектерінде құнды пікірлер мен тұжырымдар қалдырды. Ол өзінің 1934 жылғы «Жақсы пьеса – сапалы әдебиет белгісі» атты мақаласында коллизия ұғымына қатысты мәселелерді сөз еткен. М.Әуезовтың мақалалары мен баяндамаларында «тартыс», «драмалық конфликт», «қақтығыс», «коллизия» терминдеріне қатысты ой-толғамдары мен пікірлерін кеңінен кездестіруге болады. Ол қақтығыс ұғымын көбінесе драмалық шығармаларға қатысты жиі қозғап, талдады. Алайда М.Әуезов коллизия ұғымының драмалық шығармалардан бөлек өзге де прозалық туындыларда, дәлірек айтатын болсақ, роман, повесть, әңгімелерде де кездесетінін және оның өнер заңдылығы екенін үнемі айтып отырды. Демек оның қақтығыс, тартыс тақырыбында қозғалған зерттеулері мен пікірлері өзінің құндылығы жағынан алатын орны ерекше деп білеміз.

Бұған дейінгі жылдардағы әдеби туындыларда коллизия көбінесе кейіпкерлердің қызмет орнында, еңбектің қызу ортасында, өмірлік ұстанымдары жолындағы ашық айқастар сынды элементтерімен берілген. Мұндай тартысты З.Қабдолов былай сипаттайды: «Адамдарға тән әр алуан көзқарастағы, идеядағы, сезімдегі, нанымдағы, іс-әрекеттегі, мақсат-мүддедегі кереғар құбылыстардың өнер туындысындағы жинақталуы, суреттелуі» [11, 177]. Демек сыртқы қарама-қайшылықтардан қарағанда ішкі қарама-қайшылықтар мен қақтығыстарға ден қою ХХ ғасырдың 70-80 жылдарымен тұспа-тұс келді. Ішкі коллизия адам психологиясымен астасып жатқан күрделі құбылыс екенін ескерсек, кейіпкердің ішкі қақтығысын, тартысын суреттеп қалың оқырманға сапалы жеткізе білу қаламгердің асқан шеберлігін талап ететіндігі сөзсіз.

Зерттеуімізде қолданып отырған тартыс, қақтығыс, коллизия терминдері бір мағынаға ие ұғымдар. Себебі «тартыс» (латынша *conflictus* — қақтығыс, айқас, кейде *colliso* — ала ауыздық, талас) — өмірдегі қайшылықтардың өнерде көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қарсылықтардың, адамға тән әр түрлі көзқарастағы, идеядағы, сенімдегі, нанымдағы, іс-әрекеттегі мақсат-мүддеге кереғар құбылыстардың өнер туындысындағы жинақталуы, суреттелуі. Әрбір шығармада адамның ішкі әлемі мен сыртқы шындық арасындағы тартыс, сенім мен үміт, жалғыздық пен үйлесім мәселелері терең көрініс табады [14]. «Коллизия» терминінің мағынасы да алдыңғы тараушаларда келтіріп өткеніміздей «қақтығыс», «тартыс» мағыналарын білдіреді.

Жалпы өмірде орын алатын адами қарама-қайшылықтар мен кереғар сәттерден тұратын өмір шындығының көркем шындыққа, өнердегі шындыққа айналдыру күрделі процесс екені сөзсіз. Осы мәселеге қатысты

бірқатар зерттеушілер тартыс категориясын көркемдің таным тұрғысынан зерттеуге қатысты бірізге түспеген пікірлерін де білдіреді. Сондай пікірлердің бірін Т.Есембеков «Әдеби талдауға кіріспе» атты еңбегінде келтіріп өткен. Зерттеушінің пікірінше, тартыстың өзін жеке категория ретінде зерттеуге болмайды, себебі, тартыс пен сюжет шығармадағы кейіпкердің мінезін ашуда бір-бірімен тығыз байланысты [15, 120]. Сонымен қатар ол сюжет пен тартысты характерден бөлек қарастыруға болмайтынын да баса айтады.

Шетел әдебиеттану ғылымында болсын, қазақ әдебиеттану ғылымында болсын «коллизия», «тартыс», «қақтығыс» ұғымдары көп зерттелген және зерттелетін жағдайдың бірі. Екі мәдениет пен әдебиеттің зерттеулеріне сүйене отырып характер, тартыс және мінез ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты екенін, әрі бұл ұғымдарды бірге қарастыру шығарманың негізгі идеясын ашуда маңызды аспектілердің бірі деген тоқтамға келеміз.

Коллизия — көркем туындыдағы сюжет пен композицияны құраушы, кейіпкердің болмысын ашатын құрылымдық элемент. Әдеби шығарманың мазмұны мен формасының біртұтастығын қамтамасыз ететін құрылымдық элемент ретінде коллизияның рөлі айқындалды. Ол кейіпкер мінезінің қалыптасуына, идеялық астардың ашылуына, сюжеттік шиеленістің тереңдеуіне ықпал етеді. Бұл — авторлық позиция мен шығармашылық концепцияны бейнелеудің бірден-бір жолы болып табылады.

Қақтығыстың түрлері тарихи-әлеуметтік және психологиялық факторлармен тығыз байланысты дамиды. Қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі әлеуметтік қақтығыстар (жер, ұлт, отарлық езгі) XX ғасырдан бері күрделеніп, кейінгі прозада психологиялық және рухани ізденіс сипатында көріне бастады. Шетел әдебиетінде де бұл үрдіс байқалып, модернизм мен постмодернизм кезеңдерінде тұлғаның ішкі жан әлеміндегі қақтығыстар негізгі тақырыпқа айналды.

Шетелдік және отандық әдебиеттануда «авторлық коллизия» категориясы арқылы автор мен кейіпкер, оқиға мен идея, мінез бен жағдай арасындағы күрделі қатынастарды тануға болады. Бұл ұғым жазушының көркем әлеммен қатынасын, авторлық позицияның екіұштылығын немесе айқын көзқарасын, сондай-ақ автордың кейіпкерге деген ішкі қарым-қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Авторлық коллизия кейіпкердің іс-әрекетіне баға беру мен оны саралау, тиімді қолдау мен одан іштей алшақ тұру сияқты түрлі көркем тәсілдер арқылы көрініс табады. Мұндай жағдайларда автор өз идеясын тікелей емес, кейіпкер бейнесі арқылы жеткізеді, соның нәтижесінде оқырман оқиға желісінде автордың шын мәніндегі көзқарасын тереңнен ұғына бастайды. Сонымен қатар, авторлық коллизия шығарманың идеялық-эстетикалық құрылымында ішкі ирония, сарказм, пародия сияқты күрделі стилистикалық әдістер арқылы да көрініс табады. Бұл құбылыс әдеби туындыдағы көпқабатты мағыналар жүйесін тудырып, көркем мәтіннің интерпретациялық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Сондықтан да «авторлық коллизия» тек қана тартыс категориясы емес, сонымен бірге көркемдік әлемнің дүниетанымдық және философиялық мазмұнын қалыптастыратын негізгі поэтикалық құрылымдардың бірі ретінде қарастырылады.

Қазіргі әдеби процесте коллизия авторлық даралықты, көркемдік шындықты және идеялық-эстетикалық тұтастықты қалыптастыратын басты факторлардың бірі болып табылады. Өйткені көркем шығармада туындайтын тартыстар мен қайшылықтар автордың дүниетанымы мен шығармашылық ұстанымдарын айқындайды. Қазіргі заманғы әдебиеттегі коллизиялар тек әлеуметтік немесе психологиялық мазмұнмен шектелмей, рухани, философиялық, экзистенциалдық сипатқа ие бола отырып, адам болмысының терең қатпарларын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, постмодернистік, модернистік ағымдар аясында коллизияның табиғаты күрделене түсіп, оның құрылымдық сипаты бұрынғыдай айқын емес, көбіне көпқырлы әрі шартты мазмұнға ие болады. Автор шығармашылық процесінде коллизия арқылы көркем шындық пен өмірлік шындық арасындағы шекараны жойып, өзінің ішкі «мені» мен қоғамдық сана арасындағы қарама-қайшылықты бейнелейді. Осылайша, коллизия қазіргі әдебиеттегі көркем мәтіннің идеялық мазмұнын тереңдетіп қана қоймай, авторлық интонацияны, стилистикалық ерекшелікті және көркемдік тәсілдер жүйесін айқындайтын тұтас концептуалдық өрісті құрайды.

Қорытынды

Зерттеу жұмысымыздың нысаны болған «коллизия» ұғымына қатысты әдебиеттанушы ғалымдардың түрлі көзқарастары мен тұжырымдарын саралай отырып, бұл терминнің қазақ әдебиеттануындағы теориялық және әдіснамалық негіздерінің әлі де толық қалыптаса қоймағанын байқауға болады. Коллизия – көркем туындыдағы қарама-қарсылықты құбылыстардың тоғысуынан туындайтын ішкі драмалық шиеленіс қана емес, сонымен қатар авторлық идея мен адам болмысының көркем бейнедегі түйісу нүктесі. Ол көркемдік конфликтінің, кейіпкер эволюциясының, әлеуметтік және этикалық дилеммалардың негізінде жатыр.

Жүргізілген талдаулар нәтижесінде «авторлық коллизия» ұғымы әдебиет теориясында әмбебап мәнге ие категория екені айқындалды. Ол тек тартыс пен қақтығыс мәселесімен шектелмей, авторлық сана, мәтін ішіндегі көпдауыстылық, ұлттық дүниетаным және заманауи интерпретациялық тәсілдермен тығыз байланысты. Классикалық еңбектерден (Лихачев, 1979; Бахтин, 1986; Хализев, 1999) бастап қазіргі заманғы зерттеулерге дейін (Гаврилова, 2018; Weninger, 2020; Hutcheon, 2022) авторлық коллизия көркем шығарманың эстетикалық, әлеуметтік және философиялық мәнін ашуда маңызды ғылыми ұғым болып қала береді.

Қазақ және шетел әдебиеттануында бұл категорияны әртүрлі қырынан

Қазақ және шетел әдебиетіндегі «авторлық коллизия» ұғымының зерттелуі

зерттеу тәжірибесі болғанымен, коллизияны қазіргі заманауи гуманитарлық әдістермен қайта қарастыру – уақыт талабы. Әсіресе, постструктуралистік, психоанализ, мәдениеттанулық герменевтика, нарратология сынды бағыттарда бұл ұғымды терең пайымдау арқылы көркем туындының семантикалық қабаттарына енуге жол ашылады. Сонымен қатар, коллизия ұғымы әдебиетті тек эстетикалық құбылыс ретінде ғана емес, әлеуметтік-психологиялық және философиялық дискурс ретінде тануға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда отандық әдебиеттану ғылымында көркем қақтығыс пен коллизия ұғымдарының ара-жігін нақты ажырату, олардың өзара байланысын анықтау, әрі типологиясын жасау – өзекті мәселе болып отыр. Бұл бағыттағы ізденістер көркем туындыны талдаудың жаңа әдіснамалық құралдарын қалыптастыруға, ұлттық әдеби процесті заманауи ғылыми деңгейде қайта пайымдауға негіз болмақ.

Сондықтан да «коллизия» ұғымының мәні мен маңызын тереңдете зерттеу – тек бір ұғымды нақтылау емес, сонымен бірге әдеби-теориялық ой-сананың дамуына серпін беретін маңызды ғылыми бағыттардың бірі. Бұл мәселе бойынша ғылыми зерттеулер мен теориялық ізденістер жалғасуы қажет, өйткені көркем қақтығыс терминологиясы мен оның әдебиеттегі қызметі әлі де толық ашылып, жүйелене қойған жоқ.

ӘДЕБИЕТ

[1] Озеров А.Ю. «Уроки-беседы по современной советской литературе». – Москва: «Высш. школа», 1980. – 192 с.

[2] Әуезов М. Таңдамалы шығармалары: бес томдық. – Алматы: Brand Book, 2022. – Т. 5. – 490 б.

[3] Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – Москва., 1986. – 236 б.

[4] Хализев В.Е. Әдебиет теориясы. – Мәскеу: Жоғары мектеп, 1999. – 400 б.

[5] Weninger R. Conflict and Literature: Modern Perspectives. – Berlin, 2020. – 164 p.

[6] Eagleton T. Literary Theory: An Introduction. – Oxford, 2008. – 118 p.

[7] Ryan M.-L. Narrative across Media: The Languages of Storytelling. – Lincoln, 2010. – 422 p.

[8] Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы, 2011. – 273 б.

[9] Әбдіғазиев Б. Көркем мәтіндегі тартыс табиғаты. – Астана, 2021. – 147 б.

[10] Гаврилова Н.А. Конфликтология и литература: современные подходы. – СПб., 2018. – 234 с.

[11] Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 359 б.

[12] Коваленко А.Г. Көркемдік конфликтология: XX ғасыр орыс

әдебиетіндегі көркем қақтығыстың құрылымы мен поэтикасы. – Мәскеу: РФ Халықтар достығы университеті, 2001. – 114 б.

[13] Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

[14] Мубарак Н.Е., Кенжан А. Қазіргі қазақ прозасындағы адам психологиясы: Аягүл Мантай әңгімелері негізінде // Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. “Филология ғылымдары” сериясы. – 2025. – № 2 (77). – Б. 594-595. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.035>

[15] Abdullina A., Doskeyeva Sh., Tulebayeva K., Mukhtarova S., Kushkimbayeva A., Mubarakova S., Obayeva G., National Code and the Theme of National Character in Genealogical Prose Works of Post-colonial Literature // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2025. – 11(2). – B. 218-234. <https://doi.org/10.32601/ejal.11217>

REFERENCES

[1] Ozerov A.Īu. «Uroki-besedy po sovremennoi sovetskoĪ literature». [Conversation lessons on modern Soviet literature]. Moskva: «Vyssh. shkola», – 1980. – 192 s. [in Rus.]

[2] Āuezov M. Tañdamaly syğarmalary: bes tomdyq. [Selected Works: Five Volumes]. – Almaty: Brand Book, 2022. – T. 5. – 490 b. [in Kaz.]

[3] Bahtin M.M. Estetika slovesnogo tvorchestva [Aesthetics of verbal creativity]. – Moskva., 1986. – 236 s. [in Rus.]

[4] Halizev V.E. Ādebiet teoriasy [Theory of literature]. – Mäскеu: Joğary mektep, 1999. – 400 b. [in Kaz.]

[5] Weninger R. Conflict and Literature: Modern Perspectives. – Berlin, 2020. – 164 p.

[6] Eagleton T. Literary Theory: An Introduction. – Oxford, 2008. – 118 p.

[7] Ryan M.-L. Narrative across Media: The Languages of Storytelling. – Lincoln, 2010. – 422 p.

[8] Myrzahmetūly M. Āuezov jäne Abai [M. Auezov and Abai].– Almaty, 2011. – 273 b. [in Kaz.]

[9] Ābdığaziev B. Kōrkem mätindegı tartys tabığaty [The nature of conflict in literary texts]. – Astana, 2021.– 147 b. [in Kaz.]

[10] Gavrilova N.A. Konfliktologia i literatura: sovremennye podhody [Conflictology and literature: modern approaches]. – SPb., 2018. – 234 s. [in Rus.]

[11] Qabdolov Z. Sōz önerı [Sōz önerı]. – Almaty: Qazaq universitetı, – 1992. – 359 b. [in Kaz.]

[12] Kovalenko, A. G. Kōrkemdık konfliktologia: XX ġasyr orys ädebietindeġı kōrkem qaqtyğystıñ qūrylymy men poetikasy [Artistic conflictology: the structure and poetics of artistic conflict in 20th-century Russian literature]. – Moskva: RUDN, – 2001. – 114 s. [in Rus.]

[13] Baitūrsynūly A. Syğarmalary. [Works]. – Almaty: Jazuşy, – 1989. – 320 b. [in Kaz.]

[14] Mubarak N.E., Kenjan A. Qazırgı qazaq prozasındaǵy adam psihologiasy: Aiagül Mantai äñgimeleri negızinde. [Human psychology in modern Kazakh prose: based on the stories of Ayagul Mantai] // Abylai han at. QazHqjÄTU habarşysy. “Filologia ğylymdary” seriasy. – 2025. – №2 (77). – B. 594-595. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.035> [in Kaz.]

[15] Abdullina A., Doskeyeva Sh., Tulebayeva K., Mukhtarova S., Kushkimbayeva A., Mubarakova S., Obayeva G. National Code and the Theme of National Character in Genealogical Prose Works of Post-colonial Literature // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2025. – №11(2). – P.218-234 <https://doi.org/10.32601/ejal.11217>

ИЗУЧЕНИЕ ПОНЯТИЯ «АВТОРСКАЯ КОЛЛИЗИЯ» В КАЗАХСКОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

* Умирбаев А.С.¹, Кушкимбаева А.С.², Абдрахманова Ж.М.

^{*1,2}Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова

Актобе, Казахстан

³Атырауский университет имени Х. Досмухамедова

Атырау, Казахстан

Аннотация. В данной статье всесторонне рассматриваются теоретические основы и формы проявления понятия «авторская коллизия» в казахском и зарубежном литературоведении. Автор анализирует связь коллизии в художественной литературе с историко-политическим контекстом, типы внутренних и внешних конфликтов в природе персонажа, а также систему поэтических отношений между авторским сознанием и художественным текстом. В статье сопоставляются теоретические концепции зарубежных исследователей – от диалектической эстетики Гегеля, теории диалога Бахтина и концепции «влияния» Гарольда Блума – с трудами казахских ученых (А. Байтурсынулы, М. Ауэзов, Р. Бердибаев, Б. Куралканова). На основе типологии художественной коллизии Ю.А. Озерова, жанровой классификации К.Г. Шаззо и поэтических взглядов В.Е. Хализева выявляется композиционная и идейно-содержательная функция коллизии в структуре литературного произведения. Авторская коллизия рассматривается как эстетический механизм, обеспечивающий художественную целостность произведения, играя решающую роль в формировании художественного образа и сюжета.

Научная значимость статьи заключается в системном раскрытии понятия авторской коллизии как элемента литературной теории и предложении нового подхода к казахскому литературоведению.

Методология исследования основывается на сравнительно-типологическом, содержательно-семантическом, интерпретационном и классификаторном методах. Результаты исследования показывают, что авторская коллизия занимает центральное место в структуре художественного

текста, обеспечивая его эстетическую завершенность. Ценность статьи заключается в уточнении понятийного аппарата и раскрытии природы авторского сознания и конфликта в казахской литературе. Практическая значимость результатов работы состоит в возможности использования её результатов в курсах литературной теории, поэтики, сравнительного литературоведения, а также как методического пособия в анализе художественного текста.

Ключевые слова: авторская коллизия, художественный конфликт, драматическое противоречие, персонаж, прозаическая структура, эстетическая категория, нарративная стратегия, литературный сравнительный анализ, литературные течения

INVESTIGATION OF THE CONCEPT OF “AUTHORIAL COLLISION” IN KAZAKH AND FOREIGN LITERATURE

* Umirbayev A.S.¹, Kushkimbayeva A.S.², Abdrakhmanova Zh.M.³

^{*1,2}K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

³H. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the theoretical foundations and representational forms of the concept of “authorial collision” in Kazakh and foreign literary criticism. The study explores the connection between literary collision and its historical-political context, examines types of internal and external conflicts in character structure, and analyzes the poetic system of relations between authorial consciousness and the literary text. The article compares theoretical concepts from foreign scholars – including Hegel’s dialectical aesthetics, Bakhtin’s dialogic theory, and Harold Bloom’s theory of “influence” – with the works of Kazakh literary theorists (A. Baitursynuly, M. Auezov, R. Berdibayev, B. Kuralqanova). Based on the typology of literary collisions by Y.A. Ozerov, the genre classification by K.G. Shazzo, and poetic perspectives by V.E. Khalizev, the study reveals the compositional and ideological functions of collision within the literary work. Authorial collision is viewed as an aesthetic mechanism that ensures the structural integrity of the literary work while playing a key role in shaping both character and plot. Scientific significance of the article lies in the systematic exploration of authorial collision as a theoretical literary concept, offering a new perspective in Kazakh literary criticism. Methodology includes comparative-typological, semantic-content analysis, interpretative, and classification approaches.

Research outcomes demonstrate that authorial collision occupies a central role in literary text structure, ensuring its aesthetic coherence. Main value of the article lies in the clarification of conceptual terminology and detailed analysis of authorial consciousness and conflict in Kazakh literature.

Practical relevance includes the application of results in literary theory, poetics, and comparative literature studies, as well as its use as a methodological guide for literary text interpretation.

Keywords: authorial collision, literary conflict, dramatic tension, character, prose structure, aesthetic category, narrative strategy, literary comparative analysis, literary trends

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 13.09.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Умирбаев Айбат Сидагытоллаевич – PhD докторант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: aibat.umirbayev@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5231-0471>

Кушкимбаева Айнұр Серікбайқызы – PhD, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: alitok@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5546-4513>

Абдрахманова Жұмазия Мәжитқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан, e-mail: azhm63@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1966-2357>

Информация об авторах:

Умирбаев Айбат Сидагытоллаевич – PhD докторант Актюбинского регионального университета имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан, e-mail: aibat.umirbayev@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5231-0471>

Кушкимбаева Айнур Серикбаевна – доктор PhD, доцент, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан, e-mail: alitok@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5546-4513>

Абдрахманова Жумазия Мажитовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова Атырау, Казахстан, e-mail: azhm63@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1966-2357>

Information about the authors:

Umirbaev Aibat Sidagytollaevich – PhD student, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: aibat.umirbayev@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5231-0471>

Kushkimbayeva Ainur Serikbayevna – PhD, Associate Professor of K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: alitok@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5546-4513>

Abdrakhmanova Zhumaziya Mazhiovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, H. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan, e-mail: azhm63@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1966-2357>